

ӘОЖ 908

**ХАЛҚЫ ҮШІН ТУҒАН НАР ТҮЛҒА ТҮРАР РЫСҚҰЛОВ  
ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШТЫҚ НӘУБЕТІ МӘСЕЛЕСІ**

**Берліғалиева Гүлайым Асқарқызы**

Gulaiym.009@mail.ru  
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҮУ Тарих факультетінің студенті,  
Нұр-Султан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - т.ғ.к., доцент Ерменбаева Г.К.

ХХ ғасырдың басы – қазақ халқының тарихында бүкіл қоғамдық ой-пікірдің өрлеуіне мүмкіндік туып, ұлттық сананың ояну дәуіріне жол ашқан кезең. Ұлттық интелигенция өкілдерінің қатарында Тұрар Рысқұлов қоғамдық-әлеуметтік ойға мұрындық болып, Қазақстандағы жұт пен аштық мәселелерін шешуде белсенді әрекет етті. Қазақ еліндегі жұт пен ашаршылықтың туындауына екі себеп сәйкес келеді. Оның бірі – табиғи апаттан туындаған жұттан малдың қырылуы ел арасында аштықтың өршуіне алып келсе, екіншісі – сол жылдардағы үкімет саясатының нәтижесі еді.

1916 жылы қазақтар арасында ашаршылық нышаны сезіле бастаған. 1916 жылы 25 маусымда патшаның Қазақстан, Орта Азия, Сібір тұрғындарынан 19 бен 43 жас аралығындағы ер азаматтарын тыл жұмысына алу туралы жарлығы ер азаматтардың тыл жұмыстарына алынуына қазақтардың жерін, еккен егінін, баққан малын тастап, көрші облыстар мен елдерге қарай босуы, азық тапшылығы – ашығуға алып келді. Ашаршылықтың аса қатты белен алған жері Түркістан өлкесі болды. Қыстың аязды, көктем мен жаздың жаңбырысyz болуы елкені бұрын болмаған қуаңшылыққа алып келді. Оған Түркістанның барлық көшпелі және жартылай көшпелі аудандары толықтай, ал отырықшы аудандарының едәуірі ілініп, елдің жағдайы ауырлай түсті. Осы жылдың ортасында астықтың зәрулігі анық байқалып, қазақ қырғыздардың жағдайының өте нашарлығынан ашыққандардың саны күннен күнге көбейе түскендігі жөнінде белгілі болып, мерзімді басылым беттерінде түрлі хабарлар жариялана бастады. Өлкедегі аштықтың зорайып бара жатқандығын өз көзімен көрген ұлт зиялышы Хайретдин Болғанбаев «Бірлік туы» газетіне: «Түркістан қазақ-қырғызының арасына ашаршылық бәлесі кіріп, қырылып жатқан үстіне, Русиядағы большевик кесапаты тағы қоса беткей болып, жығылғанның үстіне жұдырық болды. Күздің ана басынан бері қарай ашаршылықтан шұбырып қала-қалаға жиналған сорлы алаш балаларының есебі жоқ. Олардың нағыз ажалсыз болып бір-бір себептен аман қалғандары болмаса, көбі-ақ шыбын есебінде қырылып жатыр. Осы күні Түркістан аймағының қай шаһарында болса да көше-көшени толтырып, қайыр сұрап жүрген сорлы алаш балаларынан адам аяқ алып жүре алар емес», - деп, елдегі алмағайып саяси билік тұсында аштықпен құрлесерге дәрмен болмай отырғандығына қынжылса [1], «Қазақ» газетінде Сырдария облысында аштық белгісі біліне бастағандығын, астық сұрап келіп жатқан, ағылып жатқан адамдардың саны көбейе бастағандығы жөнінде хабарлама басып, онда: «...айына беріп түрған 60 вагон астық 240 мың халыққа жұмасына 2 қадақтан келмейді. Жұртқа қыын болып түр. Аталары балаларына нан тауып бере алмай зар еніреуде, халық ашаршылықтан жанжал шығаратын түрі бар» деп келтірілді [2]. Тұрар Рысқұлов «Социалды Қазақстан» газетінде Түркістанды жайлаған аштық турасында: «1916-1918 жылдарда Түркістанда құрғакшылық қатты болып, егін шықпай қалды. Түркістан бұрын болып көрмеген адам айтқысыз үлкен ашаршылықтың құшағына кіруге айналды. Ашыққан қазақ пен қырғыз топ-тобымен шұбырып қалаларға, селендерге қарай ауа бастады, соларға барған жерінде жүзден, мындан қырылды. Басқа жақтан келген астық пен тауарлар қаладағы Еуропалық жүрттүң кезегін зорға-зорға қанағаттандырып отырды», - деп жаза келе, бұл ашаршылық алыпсатарлықты, таптық қанауды (байлардың кедейлерді жұмысқа жегуін), ұлттар арасындағы өшпенделікті қүшейткенін айқын келтірген болатын [3, 118-119-бб].

Өлкедегі жергілікті ұлттардың жағдайы ауыр күйге ұшырады. Елдің бұл жағдайын алыпсатарлар мейілінше пайдалануға тырысты. Әбден ашыққандар тіске басар тамақ үшін түрлі бағалы заттарын айырбастауға мәжбүр болды. Т. Рысқұлов ашаршылықты халықты қанаушы тап өкілдері мен шаруасы күйлі орыс шаруалары пайдаланып қалуға тырысқандығын: «Мұны сол жердегі халықтың эксплуататорлары пайдалана кетіп, спекуляцияны мейілінше қүшетті, орыс әкім иелерімен қосылып алып, халықты аяусыз

талауды. Ашықкан жұрттың мүлкі сутегін сатылды. Ашаршылықтың салдарынан кей жерлерде тіпті кісі алып сату да болды. Байлар ашықкан елдің әйелдері мен балаларын сатып алғып, алыштарлық та істеді», - деп келтірді [4].

Уездегі аштық барысын ауыздықтауға Т.Рысқұлов белсене кіріспі, аштыққа ұшырағандарға көмек ұйымдастырыды. 1918 ж. сәуірінде ол Әулиеата уездік кеңесінің атқару комитеті төрағасының орынбасары болып сайланып, күйзеліске ұшырап отырған шаруашылықтарға егіс құралсаймандарын, тұқым беруді сияқты мәселелерді қолға алды. Дегенмен байлар үкіметке белгіленген баға бойынша астық сатудан бас тартуынан көптеген егіс алқабы егусіз қалды. Оның үстіне Түркістан Республикасына жіберілген Азық-тұлік халық комиссариатының кейбір басшылары көмекке келген азық-тұлікті талан-таражға салған. Осы жағдайға орай Т.Рысқұлов арнайы комиссия құрып, ашыққандарға жәрдем беру ісін қатаң қадағалап, өрескел бұзушылықтарды анықтап, дер кезінде әшкерелеуге тырысты. Осы орайда Әлихан Бекейханның «Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деген сөздері ойға оралады [5].

Аштықпен құресу барысында қайраткер орыс шаруаларынан астық сатып алу, оны ашыққандарға бөліп беру, ыстық тамақ беру пункттерін ашу шараларын жүзеге асырды. Ол уездік съезд, жиындарда ашаршылықпен құресу мәселесін батыл көтерді. Оның төрағалығымен Әулиеатада 1918 ж. 11 мамырында өткен уездік съезде аштықпен құресуде орын алып отырған кемшіліктер сынға алынып, қазақ ауылдарын тонаушылыққа ұшыратып отырғандығы айтылып, қазақ ауылдарына орыс шаруаларының тарапынан жасап келген шабуылдарын тоқтату, бір-біріне айдалап салатын арандатушылыққа жол бермеу шаралары белгіленіп, қазақ пен орыс арасында осындағы кикілжіндерге дем беріп отырған кейбір мекеме басшылары орнынан алынып, жауапқа тартылды [6, 30-31-бб.]. Дегенмен аштыққан босқандардың қатары күннен күнге көбеймese, азаймады. Тамақ іздел, бір губерниядан екіншісіне қарай жаяу-жалпы шұбырғандар санын анықтау мүмкін болмады. Бұл тұрғындарды азық және жұмыспен қамтамасыз етуде бірталай қыншылықтар туғызды. Жергілікті кеңестер шеттен келген босқындарға арнап ондаған тамақтану орындары мен асханалар ашуға мәжбүр болды. Мысалы, 1918 ж. 20 наурызда Арап Кеңесі «ашыққан кедей шаруаларға арнап тегін асхана ашу» жөнінде қаулы қабылдаса, ал 23 мамырында Семейде босқындарға арнап асхана ашылып, облыстық кеңес 5000 сом ақша бөлгөн. Сонымен қатар Кеңестер жұмыссыздар мен босқындардың жағдайын жақсартудың басқа жолдарын іздеді. Аса қажетті азық-тұліктің сату бағасын төмендетті. Семей қаласындағы кәсіподагының орталық комитетінде жұмыссыздар ісі жөніндегі бөлім ашылып, оның құрамына жұмыссыздардың үш өкілі және кәсіподак пен еңбек биржасының бір-бір мүшесі еніп, қаладағы барлық кәсіпорындар мен мекемелерде бар бос орындарды анықтау және оған жұмыссыздарды орналастыру мәселесімен айналысты. Академик К. Нұрпейістің тұжырымынша мұндай ашыққан халықтың бар мұқтажын шеше алған жоқ [7, 196-198-бб.] Қазақстандағы жағдайды баяндап И.Сталин мен қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Л.Мирзоянға бірнеше рет хат жолдаған. И.Сталинге жазған екінші хатында қазактардың қоныс аударуының ауқымы туралы және олардың жағдайы туралы жаза келе: «Қазақтардың арасында етек алған ашаршылық пен індет – осында қоныс аударулар мен қазақ шаруашылығының іргесі шайқалуының ең басты себебі болып отыр, бұл қатер қазір қайтадан күшіне мініп келеді. Өткен жылдың көктемінде қазақ аудандарында аштық пен аурудың салдарынан қоныс аударушылардың арасында өлім-жітімнің көп болғандығы байқалды» деп, елде кең құлаш алған аштықтың зардалтарын нақтылай түседі [8, 26-27-бб.] Тұрар Рысқұлов Азық-тұлік директориясының ашыққандарды толық қамсыздандыра алмайтындығын, сол үшін азық-тұлік даярлайтын шаруашылық жасап, алғашқы уақытта 6 млн. ақша, шаруашылық орында тұрғын үйлер салуға 15 млн. ақша жұмсалатындығын айқын айтты. 5 желтоқсанға дейін тек 25 млн. ақша бөлініп, оның 5 млн. ұсталған. Ол бұл қаражаттың республика халқын құтқаруда жетпейтіндігіндіктен 40 млн. ақша бөлуді талап етті. Бұл ұсынысы ұзақ айтыс-тартысқа түсіп, Орталық Комитет талап етілген ақшаны бөлу жөнінде қаулы қабылдады. Т.Рысқұлов басқарған Аштықпен құресетін Орталық Комиссия

өзіне жүктеген істі абыройлы атқарып шықты. Дегенмен аштықты толықтай жоюға дәрмендері жетпеді. Аштардың санының азаймауы республика үкіметін аландатпай қоймады. 1919 жылдың қыркүйегінде болған Түркістан Республикасының VIII-ші Төтенше съезінде республикада сәуір мен мамырында ашыққандардың саны 922 010 адамға жетіп, ал қыркүйек айында 17 334 ашыққандар тіркеліп отырғандығы, оларды тамақтандыратын 40-тай ғана пункттердің барлығы баса айтылды [8, 343-б.]. Қайғы-қасірет әкелген 1921-1922 жылдардағы ашаршылық нәубеті 30 жылдары жалғасын тауып, халқымыздың тең жартысы қырылды, басқа елдерге босып кетті. Шет мемлекеттерге кеткен кепшілік қандастарымыз ұзақ уақыт бойы туған жеріне оралмай, еріксіз сол жақта тұрақтап қалуға мәжбүр болды. Ел басына түскен осындай қыындықпен құресуде Тұрар Рысқұлов бар қүшін салды. Әсіреле, ол 1921-1922 және 1931-1933 жж. Қазақстанды жайлаған аштық барысымен құресуде үкімет алдына батыл іс-шараларды ұсына білді. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін қорытындылай келе, Тұрар Рысқұлов ғылым қуып қана қоймай, саяси ахуалды жіті бақылап отыруға, басын бәйгеге тігіп, отаршыл өкіметтің шешімдеріне қарсы түрған тұлға. Ол қазақ халқының ұлт ретіндегі орнын айқындауда, ұлт ретінде тарих сахнасынан жойылмауына, мемлекет тарапынан жүргізілген қатаң саясатқа қарсы тұрып, ұлттық сананың оянуына зор ықпал етті. Біріншіден, Тұрар Рысқұлов тек мемлекет және қоғам қайраткері ғана емес, сарабдал саясаткер ретінде ұлкен үлес қосты. Екіншіден, елдің әлеуметтік саласына елеулі еңбек сінірді. Ушіншіден, тар жол, тайғақ кешу кезеңінде өз ұлттың мұддесін қорғады. Қазақ халқының басына түскен ұлы нәубетті айтып, қазақ халқын Мәскеудің төріне барып табанды түрде қорғауы тарихымызда мәңгігে қалмақ.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. // Бірлік туы. – 1918, наурыз – 27.
2. Аштық белгісі // Қазақ. – 1917, ноябрь – 3.
3. Социалды Қазақстан. – 1930, сәуір – 26; – 6 мамыр; Рысқұлов Т.Р. Шығармаларының толық жинағы. Т. 1. – Алматы: Қазығұрт баспасы, 2007.
4. // Социалды Қазақстан. – 1930, мамыр – 6.
5. Бекейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы. Т. 5. –Астана: Сарыарқа, 2010.-568 б.
6. Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов: Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 448 б.
7. Нурпеисов К. Становление Советов в Казахстане (март 1917 г. – июнь 1918 г.). – Алма-Ата: Наука, 1987. – 240 с.
8. Рысқұлов Т.Р. Шығармаларының толық жинағы. Т. 2. – Алматы: Қазығұрт баспасы, 2007 – 368 б